



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.


В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017



Сурет 5. Cmd.exe файлы терезесі

Құрылғы диспетчерін команда жолы арқылы ашу үшін «Выполнить» терезесінде орындаған – «devmgmt.msc» командасын енгізуіңіз керек. Enter пернесін басқаннан кейін сіз жұмыс жасай алатын барлық қосулы құрылғылардың тізімі шығады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сергей Бормотов– Системное администрирование на 100%, ISBN: 5-469-01220-4. «Питер» 2006.
2. Александр Кенин– Самоучитель системного администратора, ISBN: 5-94157-875-X. «БХВ-Петербург» 2006.
3. Дон Джонс - Средства автоматизации в Microsoft Windows (+ CD-ROM). ISBN: 5-7163-0129-0, 0-7356-2166-7. Изд.«Бином. Лаборатория знаний», «Эком» 2006.

ӘОЖ 004.02

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ҚОСЫМШАНЫ ҚОЛДАНУ

Аширбекова Дина Бахтиярқызы

dina_95.kz@inbox.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Информатика кафедрасының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – А.К. Альжанов

XXI ғасыр – техниканың озық дамыған ғасыры, яғни ақпараттандыру ғасыры деп атап өтсек болады. Сол себепті жылдан-жылға ақпараттық технологиялар қарқанды дамып келеді және де қоғамда дерлік барлық салада қолданылады, соның ішінде білім беру.

Қазіргі уақытта ақпараттық (мультимедиялық) технологияларды пайдалану білім беру жүйесінде, сондай-ақ оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда жаңа мүмкіндіктер ашады.

Бүгінде білім беру процесінде жаппай мультимедиялық қосымшалар қолданылуда. «Мультимедиа» (ағыл. Multimedia) латын тілінен аударғанда multum – көп және media - medium – зейін қою дегенді білдіреді. Ал енді мультимедиялық қосымшалар туралы айтар болсақ мұндай бағдарламалық қамтамалар ақпаратты оқушыға мәтін, графика, сурет, дыбыс, анимация, видео түрінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Мультимедиалық қосымшалардың білім беру жүйесіндегі артықшылықтарына тоқталар болсақ олар мынадай:

1. Жеделдете оқыту
2. Есте сақтауды дамыту
3. Алған білімді практикада қолдану
4. Жүйелі түсіну
5. Дербестік және ұқыптылық
6. Белсенді қатысу
7. Қолжетімді ақпарат

Адам баласының барлық жұмысы қазіргі таңда ақпараттық үрдістермен, оны өңдеумен қатысты деуге негіз бар. Соңғы жиырма жылда ақпараттық технологиялар мен есептеу техникасы қарқынды дамудың даңғыл жолына түсіп, көптеген жетістіктерге жетті. Бұл өз кезегінде білімді, білім саласын ақпараттындыруға ұштасты. Сондықтан, оқыту процесінде электронды оқыту ресурстарын, мультимедиялық программалық қамтамаларын (электронды оқулықтар, электронды оқу басылымдары, мультимедиялық қосымшалар мен қолданбалар) жасау мен қолдану – қазіргі кезеңдегі білімді ақпараттандырудың негізгі талаптарының бірі болып отыр.

XXI ғасырдың талабы – ақпараттық-программалық технологияның қарқынды дамуына ілесе отырып, білім мен ғылым салаларын заманауи технологиямен жетілдіре түсу. Сондықтан аталған салаларда жаңа ғылыми технологияларды енгізу бүгінгі таңда өзекті.

Әлемдік қауымдастықтың бір мүшесі ретінде де Қазақстан Республикасы бұл үдерістерден шет қалмақ емес. Бұл тұрғыдан қарағанда білім мен ғылым саласын және жүйесін заман талабына сай икемдеу жұмысы елімізде тың серпіліспен қарқынды түрде жүргізілуде. Соның бір дәлелі ретінде 2017 жылдан бастап Ұлттық бірыңғай тестілеудің жаңа форматта өткізілуі болып табылады. Бұған дейін жалпы орта мектепті бітірген түлектер қорытынды аттестациялау мен жоғарғы оқу орнына түсі үшін бір ғана ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсыратын еді.

2017 жылдан бастап мектеп бітірген түлектер мектептерде орта мектепті бітіргендері туралы аттестатты, сондай-ақ «Алтын белгі» төсбелгісін алу үшін арнайы қорытынды аттестация түрінде емтихандар тапсырып, жоғары оқу орындарына түсу үшін емтихан және мемлекеттік гранттардың бөліну жүйесі функциясын атқаратын ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсырады.

Мұндай өзгерістер легі оқушылар мен ата-аналар және мұғалімдердің ұлттық бірыңғай тестілеуді тек қана жоғары оқу орнына түсу үшін деп қабылдайтындары үшін енгізілген болатын.

Білім және ғылым министрлігі енгізген жаңа формат бойынша оқушылар енді мектеп аяқталар тұста қорытынды мемлекеттік аттестациядан өтетін болады. Мұнда алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан тапсырады. Ал ұлттық бірыңғай тестілеудің жаңа форматы бойынша түлектер жоғары оқу орнына түсу үшін математикалық сауаттылық бойынша 20 сұрақтан тұратын тестке жауап береді. Бұл өзгерістер оқушыларға емтихан мен тестілеуге бар күш-жігерін салып дайындалуды талап етеді. Бұл өз кезегінде оқушыларға математикадан емтиханға дайындалуға арналған мультимедиялық қолданба құру қажеттілігін туындатып отыр. Оқу процесінде заманауи технологияларды қолдану бүгінгі таңда өзекті технологиялық құбылыс екені даусыз. Сондықтан математикадан емтиханға дайындалуға арналған мультимедиялық қолданба жасау және оны пайдалану – заман талабына әдістемелік, технологиялық жауап болып табылады және маңыздылығы жағынан бүгінгі күннің күн тәртібіндегі мәселе.

Әдістемелік талдау әдістері мен ақпараттық-программалық технологияларды ұтымды пайдалану арқылы жалпы орта мектептерде математика пәнінен емтиханға дайындалуға арналған мультимедиялық қолданба құру үшін мынадай міндеттер қойылады:

1. Мультимедиялық қолданба құруға қойылатын талаптар, ережелермен танысу, қолданба құрудың аспектілерін теориялық талдау;

2. Оқушыларға емтиханға дайындалуға арналған электронды қолданбаның қажеттіліктері мен ерекшеліктерін зерттеу;
3. Оқушылардың математикадан емтиханға дайындалуын практикалық жүзеге асыратын мультимедиялық қолданба құру.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Башмаков А.И., Старых В.А. Систематизация информационных ресурсов для сферы образования: классификация и метаданные. - М.: 2003.
2. Беляев М.И., Вымятнин В.М., Григорьев С.Г., Гриншкун В.В., Демкин В.П., Краснова Г.А., Коршунов С.В., Макаров С.И., Можаяева Г.В., Нежурина М.И., Позднеев Б.М., Роберт И.В., Соловов А.В., Теслинов А.Г., Щенников С.А. Теоретические основы создания образовательных электронных изданий. // Томск: Изд-во Томского университета, - 2002, 86 с.
3. Беляев М.И., Григорьев С.Г., Гриншкун В.В., Демкин В.П., Краснова Г.А., Макаров С.И., Роберт И.В., Щенников С.А. и др. Теория и практика создания образовательных электронных изданий. // М.: Изд-во РУДН, - 2003, 241 с. Часть 1. 72 с.
4. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. //М., - 1995. 336 с.

ӘОЖ 004.053

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ БОЙЫНША ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖАСАУ

Әбитхан Бегайым Абылайханқызы

begaiym.abitkhan@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «5В011100 - Информатика»
мамандығының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Х. Давлетова

Жаңа ақпараттандыру талаптарының бірі – мектептегі сабақтарда компьютерді оқыту құралы ретінде пайдалану болып есептеледі. Бастауыш сыныпта білім беруді ақпараттандырудың мақсаты – бұл оқу процесінде жаңа ақпараттық - қатынастық технологияны енгізу арқылы оқушы ойлауының жаңа сипатын қалыптастыру деп танылады.

Бастауыш сыныпта оқыту мен жалпыға бірдей білім беретін оқыту бағдарламалары – балалардың жеке басы қабілеттерін қалыптастыруларына, олардың жеке оқу ісіндегі алғырлығы мен оң талпынысын: негізгі мектепте алатын білімдерін қиындықтарсыз меңгеру үшін жазу мен оқу, тілдік қатынас пен есептей алудың, шығармашылық жағынан өз-өзін көрсетудің, сонымен қоса мінез-құлық мәдениетінің тұтастай берік дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға бағытталған[1].

Бастауыш мектеп сыныптарында информатика пәні өтуі – әр бір баланы информатика ғылым саласының алғашқы фундаментальдық білім негізімен таныстыру, өз беттерімен жұмыс жасай алу дағдыларын арттыру, шығармашылық жағынан да дамыту мен қалыптастыру да оның тиімді әдістерін ұсыну мен жаңа ақпараттық технологияларды қолдану, онымен бірге, балаларды информатиканы мектепте оқыталатын басқа да сабақтармен сабақтастыра отырып саналы әрі түпкілікті түрде меңгеруіне қажетті дағдылармен қамтамасыздандыру болып есептеледі[2].

Қазіргі ақпараттық технологиядың басты тиімділіктерінің бірі – мұғалімге бастауыш сыныптағы оқу үрдісінің құрамын өзгертуге, сабақтағы пәнаралық байланыстарды күшейте отырып, оқушы балалардың дүниетанымын кеңейтуіне, өздерінің жеке қабілеттерін көтере отырып, оны дамытуға толықтай мүмкіндік бере алуы, онымен қоса, ақпараттық технологиялардың айырмашылығы – бұл балаларға өз бетімен не бірлесе отырып шығармашылық жұмыстармен айналысуға, өз жұмыстарының нәтижесін көре отырып өз-